Файл Өңдеу Құралдар

Ақылдылар Mymail.kz

Ақылдылар Mymail.kz

Мымайл.кз электрондық поштасына КІРУ

Пайдаланушы аты:

Құпиясөз:

☐ Құпиясөзімді еске сақтау

Кіру

Қалған уақыт
00 мин.

10 - 15 мин.

Сіз компьютерлік сыныптағы жалпыға қолжетімді компьютерді пайдалана отырып, өз электрондық поштаңызға кіресіз.

"Құпиясөзімді еске сақтау" құсбелгісін таңдаған кезде, бұл сізге қандай қауіп әкелуі мүмкін? Бір мысал келтіріңіз.

Сипаттамасы: Тапсырманың бұл түрінде (14 сурет) оқушыға сұрақтың иллюстрациясы бар тест бағдарламасының интерактивті болып табылмайтын парақшасын зерттеу керек (бұл жерде, электронды пошта аккаунтындағы авторизациялану парақшасы). Осыдан кейін, оқушы тесттік интерфейстің төменгі жағындағы бос аймақты мәтінді енгізу үшін пайдаланып, сұраққа кеңейтілген ашық жауап беру тиіс. Осындай тапсырма оқушыға жауапты жан жақты талқылап сұраққа қатысты дәлелдер келтіріп, қарапайым форматта беруге мүмкіндік береді.

Дұрыс жауабы: Оқушы жеке ақпаратқа заңсыз кіру жағдайлары туралы кеңейтілген ашық жауап береді (немесе электронды поштаға заңсыз кіру жағдайында, заңсыз кірудің ауызекі нұсқасы «бұзу» сілтемесіне жүгіне алады).

5-мысал

Мақсаты: Оқушының ақпаратты пайдаланудағы жауапкершілігін және қауіпсіздікті сақтау түсінігін анықтау.

Аспект: 2.4- ақпаратты жауапкершілікпен және қауіпсіз қолдану (1 кесте).

Қиындық деңгейі: 4-ші деңгей (661 ұпай және одан жоғары)

15 сурет. Жауап нұсқасы бар және ашық жауапты талап ететін тапсырма

Сипаттамасы: Тапсырманың бұл түрі ұсынылған сұрақтардан дұрыс жауапты таңдауды талап етеді (бұл жерде екі нұсқаның біреуін), содан соң өз жауабын таңдалған сұраққа қатысты, аргументтер ұсынып, толықтыруы керек. Ол үшін, оқушыға электронды поштаға кірер кезде берілген парақшаны сараптап, өзі дұрыс

деп санаған жауабын таңдауы керек. Бос аймаққа оқушы таңдалған нұсқа жауабына қатысты түсіндірмелері мен келтірген ойларын енгізеді (15 сурет). Оқушының жауабы дұрыс таңдалған және негізделген жағдайда ғана есептеледі. Оқушы дұрыс жауапты таңдаған, бірақ өз таңдауын толық негіздемеген жағдайда, ол толық дұрыс жауаптың жарты ұпайын ғана алады.

Дұрыс жауабы: оқушының жауабы екі жолмен бағаланады.

1. **Толық дұрыс жауап:** оқушы таңдалған паролді бұзу қиын екенін негіздеп және оның бас және кіші әріптердің және/немесе % символының болуымен түсіндіре отырып "Fky_38%" таңдайды. Мұндай жауап үшін ең жоғары ұпай (2 ұпай) есептеледі.
2. **Жартылай дұрыс жауап:** оқушы таңдалған құпия сөзді бұзу қиынға түсетініне негізделе отырып, бірақ оны нақты не қиындататынын түсіндірместен "Fly_38%" таңдайды. Мұндай жауап үшін ең жоғары ұпайдың жартысы ғана есептеледі (1 ұпай).

Бағалау түрі: Оқушылардың ашық жауаптарын кодтайтын нұсқаулыққа сәйкес кодтаушылармен бағаланады.

ICILS шеңберінде оқушыларға сауалнама жүргізу

Оқушылардың сауалнамасы 3-ші және 4-ші зерттеу сұрақтарына жауап беру мақсатында ақпарат жинау үшін әзірленді:

ЗС-3 Оқушылардың АКТ-ны қолдануының қандай сипаттамалары олардың КАС-ына байланысты?

ЗС-4 Оқушылардың қандай жеке сипаттамалары олардың КАС дағдыларымен байланысты?

Оқушы сауалнамасынан жиналған деректер екі мақсатта пайдаланылады: 1) оқушылардың КАС жетістіктері мен түрлі факторлар арасындағы өзара байланысты зерттейтін талдауларда (оның өмірбаяндық сипаттамасы, үйде АКТ қолдану және т.б.), 2) әртүрлі елдерде және елдер ішінде компьютерлерге қол жеткізу және пайдалану схемалары туралы сипаттама ақпаратын ұсыну үшін пайдаланылады.

ICILS-2018 оқушыларға сауалнама жүргізу бағдарламасы, ICILS Student Software бағдарламасында екі КАС тестілеу модулі аяқталғаннан кейін орындалады. Сауалнама, оқушының АКТ-ны үйде және мектепте қолдану шарттарымен және

оның КАС деңгейі арасындағы байланысты анықтауға бағытталған сұрақтардан тұрады. Сауалнама сонымен қатар оқушының АКТ-ны пайдалануға қатынасын бағалауға арналған сұрақтарды қамтиды.

Оқушы екі тесттік модулден өткеннен кейін 25 минуттық сауалнаманы толтыруға кіріседі. Сауалнама сұрақтары ICILS-де КАС-ты өлшеудің келесі сипаттамаларына сәйкес жіктелген:

- нақты (мысалы, жасы, туған күні);
- салыстырмалы (мысалы, компьютерді және басқа да АКТ пайдалануға қатынасы);
- мінез-құлық (мысалы, компьютерді пайдалану жиілігі, АКТ пайдалану орны).

ICILS мәнмәтіндік шегінде олар төрт түрлі деңгейде қарастырылады (16 сурет).

16 сурет. Оқушылар сауалнамасының мәнмәтіндік негіздері



Бұл тұжырымдамалық негіздер, жоғарыда аталған факторлардың оқушының КАС деңгейіне әсер ету дәрежесін анықтау үшін қолданылады. Мысалы, ICILS-2013 алдыңғы циклінің нәтижелері мектептен тыс АКТ-ны пайдалану тәжірибесі мектепте оқу кезінде АКТ пайдалану әдістеріне әсер ететінін көрсетті (Ainley J., 2014). Сауалнама мақсаты - өмірбаяндық ерекшеліктердің, үй жағдайының және АКТ-ны пайдаланудағы оқушының тәжірибесін, оның компьютерлік және ақпараттық сауаттылығына әсерін анықтау.

Жалпы сауалнама 30 сұрақтан тұрады және келесі ақпаратты жинайды (17 сурет):

- оқушының өмірбаяндық деректері, оның отбасы;
- оқушылардың АКТ-ны пайдалану сипаты мен мақсаттары;
- оқушының АКТ-ны пайдалануға қатынасы.


17 сурет. Оқушыға арналған сауалнаманың бөлімдері

**Оқушыға арналған сауалнаманың үлгілері**

Сауалнаманы толтыруға кететін уақыттың жалпы саны шамамен 25 минутты құрайды. Оқушы сауалнамадағы барлық сұрақтарға жауап бере алмаған жағдайда оған сауалнаманы аяқтау үшін қосымша уақыт беріледі.


Бірінші кезекте, сауалнама жүргізу бетінде, оқушыға сауалнаманың мазмұны туралы кіріспе ақпарат бейнеленеді, бағдарлама интерфейсі оқушыға өзінің жетістігін қадағалауға және экранның оң жақ бұрышындағы индикатордың көмегімен сауалнаманы орындауға қалған уақытты тексеруге мүмкіндік береді (18 сурет).

18 сурет. Оқушыға арналған сауалнамаға кіріспе

Оқушыларға арналған сауалнамаға кіріспе	
Бұл сауалнама ақпараттық және коммуникативтік технологиялар (АКТ) туралы. Сауалнамада "АКТ" келесідей түсінілуі мүмкін: - үстел компьютерлері; - ноутбуктер; - нетбук немесе шағын компьютерлер; - планшет құрылғылары; - смартфондар (қоңырау соғу және хабарлама жазу мақсатында қолдануды есептемегенде). Сауалнама сұрақтары келесі тақырыптарды қозғайды: • сіз, сіздің үйіңіз және отбасыңыз; • сіз "АКТ"-ны қашан және қаншалықты жиі қолданасыз; • сіз "АКТ"-ны қандай мақсатта қолданасыз; • сіздің "АКТ"-ны қолдануға көзқарасыңыз. Сұрақтарды аса мұқият оқып, шынайы жауап беруіңізді сұраймыз. Көбінесе, түймешікті басу арқылы жауап бересіз. Сіз сауалнаманың соңындағы "Аяқтау" түймешігін басқанға дейін, жауаптарыңызды кез келген уақытта өзгерте аласыз. Жалғастыру үшін  түймешігін басыңыз	
	

Оқушыларға арналған сауалнаманың алғашқы бірнеше сұрақтары өмірбаяндық сипаттағы ақпаратты жинауға бағытталған.

19 сурет. Оқушыға арналған сауалнама үлгісі

Төмендегі жауаптарға өтуді ұмытпаңыз 7. Сіздің анаңыздың немесе әйел қамқоршыңыздың негізгі жұмысы қандай? (мысалы, Жоғары оқу орнындағы ұстаз, ас үй жұмысшысы, сату бөлімінің басшысы) (Лауазымын атап жазыңыз) 8. Анаңыз немесе әйел қамқоршыңыз негізгі жұмыс орнында немен айналысады? (мысалы, Жоғары оқу орнындағы студенттерге сабақ береді, мейрамханада аспазға тамақ дайындауға көмектеседі, сатушылар тобын басқарады) (Оның сол жұмыста немен айналысатынын бір сөйлеммен сипаттап беріңіз) Мына сұрақтарға жауап беріңіз және жалғастыру үшін  түймешігін басыңыз.	
	

Мысалы, оқушы әр ата-ана лауазымының атауын көрсетуді және әрбір ата-ана өз жұмысында немен айналысатынын сипаттауды сұрайтын сұрақтар бар (егер ата-ана қазіргі уақытта жұмыс істемесе, онда оқушының соңғы жұмыс орнын көрсетуді сұрайды) (19 сурет).

Осы сұрақтарға жауап ретінде оқушылар ұсынған ақпарат ISCO білім беру жіктеуіштерінің халықаралық стандартына сәйкес жіктеледі. Оқушылардың бұл сұрақтарға жауаптары жарияланбайды және елдегі оқушылар топтарының өмірбаяндық мәртебесін сипаттау үшін ғана пайдаланылады. Бұл жауаптар жеке оқушылардың жетістігін немесе өмірбаяндық мәртебесін талдау үшін пайдаланылмайды.

Сауалнаманың келесі бірнеше сұрақтары, ақпаратты жинауға және оқушылардың АКТ-ны пайдалану сипаты мен мақсаттары және оның компьютерлік сауаттылығы арасындағы байланысты анықтауға бағытталған. Мұндай сұрақтарда, оқушы қандай АКТ құрылғыларын қолданатыны, осы құрылғыларды қандай мақсаттар үшін пайдаланатыны, ол құрылғылардың қандай міндеттерді орындау кезінде, қаншалықты жиі пайдаланатыны туралы ақпарат береді.

Кейбір сұрақтарда, үй жағдайында оқушының АКТ-ны пайдаланудағы жоғарыда аталған сипаттамаларын анықтауға бағытталған. Мұндай тапсырмаларда оқушыға келесідей сұрақтар қойылады:

- үйдегі Интернетке қосылу туралы;
- ол үйде қандай акт құрылғыларын қолданатыны туралы;
- акт құрылғыларын қандай мақсаттар үшін пайдаланады (20 сурет).

20 сурет. Оқушыға арналған сауалнама үлгісі

15a. Төмендегі "АКТ" құрылғыларының нешеуі сіздің үйіңізде қолданыста?

(Өр қатардан бір жауапты белгілеңіз)

	Жоқ	Біреу	Екеу	Үш және одан көп
a) Үстел немесе шағын (портативті) компьютерлер (мысалы, ноутбук, нетбук)	☐	☐	☐	☐
b) Планшеттік құрылғылар немесе электрондық кітаптар (мысалы, iPad, Tablet PC, Kindle)	☐	☐	☐	☐

15b. Сіздің үйіңізде Интернетке қосылу мүмкіндігі бар ма?

(Өр қатардан бір жауапты белгілеңіз)

☐ Иә

☐ Жоқ

Мына сұрақтарға жауап беріңіз және жалғастыру үшін  түймешігін басыңыз.



OSS онлайн сауалнама жүйесі

OSS онлайн сауалнама жүйесі мұғалімдерге, директорларға және АКТ-үйлестірушілерге сауалнама жүргізу үшін арнайы жүйесі әзірленді. Бұл ICILS-2018 зерттеуінің бірінші циклден (ICILS-2013 – қағаз пішімінде) басты айырмашылығы мен артықшылықтарының бірі.

Онлайн сауалнама жүйесі Интернетке қосылуды талап етеді және жоғарыда аталған респонденттерге арналған сауалнамалар орналастырылған онлайн платформаға екі сілтемені білдіреді. Оқушылардың тестілеу бағдарламасы сияқты сауалнама жүйесі қазақ және орыс тілдерінде қолжетімді. Сауалнамалар екі түрлі порталда орналасқан: қазақ және орыс тілдерінде. Әрбір респондентке неғұрлым ыңғайлы тілді таңдау және тиісті сілтеме бойынша өту құқығы беріледі.

Сауалнаманы онлайн режимде толтыру үшін, респонденттерге Интернетке және интернет-браузерге қосылу қажет. Сауалнама жүйесі мобильді браузерлер арқылы қолжетімді, бұл сауалнаманы мобильді құрылғы арқылы толтыруға мүмкіндік береді. Ешқандай қосымша бағдарламалық жасақтама немесе нақты операциялық жүйе қажет емес.

ICILS-2018 сауалнамасының онлайн режиміне ауысу үшін, сауалнаманың онлайн жүйесімен ұсынылатын, келесі практикалық ыңғайлы мүмкіндіктер беріледі:

- респондент үшін көрсетілетін сұрақтарды, оның алдындағы жауабына байланысты автоматты түрде реттеу (респондентке жатпайтын сұрақтар оған көрсетілмейді);
- бағдарлама интерфейсында тек бір сұрақтан көрсету (респондентке сұрақтар біртіндеп, әр бетке бір-бірден ұсынылады, бұл жүктемені және сауалнаманың күрделілігін азайтуға мүмкіндік береді);
- сауалнаманың кез келген уақытында қажетті бетке қайту арқылы, жауапты өзгерту мүмкіндігі (ал, қағаз нұсқасында, респондентте, жауапты өзгерту мүмкіндігі жоқ).

Сауалнаманың барлық кезеңінде, респонденттер, жүйеге қажетінше кіріп, шыға алады және қажет болған жағдайда өз жауаптарын өзгерте алады. Респонденттің жауаптары сауалнаманың соңында "Аяқтау" батырмасын басқаннан кейін, жүйемен автоматты түрде сақталады. Егер респондент, осы батырманы баспай порталдан шықса, оның жауаптары сақталмайды. Сауалнама жүргізу кезінде, ұлттық орталық респонденттерге кеңес беріп, техникалық қолдау көрсетті.

Онлайн сауалнаманың навигациялық құрылымы, қағаз сауалнамасының құрылымына барынша ұқсас. Респонденттер, сауалнаманың қағаз нұсқасындағы беттерін аударғандай, "келесі" және "алдыңғы" батырмаларын көрші бетке өту үшін пайдалана алады.

OSS жүйесінде бірінші сұрақтан бастап сауалнаманы толтыруда белгілі бір бірізділікті ұстамай-ақ, сұрақтарға жылдам қол жеткізу мүмкіндігі бар. Бұған "Мазмұн кестесі" арқылы қол жеткізеді, бұл сауалнамадағы гипермәтін түріндегі барлық сұрақтардың тізімін білдіреді. Мазмұн кестесі сауалнаманың басында ұсынылған. Респондент кез келген сұрақтан бас тарта алады және жүйе оны сауалнама бетінде көрсетеді. Ол сондай-ақ, әр сұрақтың соңында, "мазмұн" батырмасын басу арқылы, мазмұн кестесіне оралуы мүмкін.

Респонденттердің көпшілігі сұрақтардың реттілігін тікелей ұстанса да, бұл екі функция респонденттерге қағаз сауалнамасын толтырғандай, сұрақтарды қалдыруға немесе сұрақтарға көшуге мүмкіндік береді.

ҚР БҒМ-нің "Ақпараттық-талдау орталығы" АҚ ICILS-2018 зерттеуінің Ұлттық үйлестіруші орталығы бола отырып еліміздің білім беру жүйесі туралы, әсіресе АКТ білім берудің Ұлттық мәнмәтіні туралы ақпарат беру мақсатында сауалнама толтырады.

3.2. Мұғалімдер сауалнамасы

Мұғалімдерге арналған сауалнама, мұғалімдердің мектепте АКТ-ны қалай қабылдайтынын және олардың білім беру қызметінде және 8-сынып оқушыларын оқытуда, АКТ-ны қалай пайдаланатыны туралы ақпарат алуға бағытталған.

21 сурет. Мұғалімге арналған сауалнаманың бөлімдері



Жалпы, мұғалімдер сауалнамасы 21-ші суретте ұсынылған аспектілер туралы мәліметтерді жинауға арналған. Сауалнаманы толтыруға кететін уақыттың жалпы саны шамамен 20-25 минутты құрайды. Сауалнаманың толық иллюстрациясы А қосымшасында келтірілген. Директор мен АКТ-үйлестірушіге арналған сауалнамалармен бірге, мұғалімдерге арналған сауалнама, ICILS-2018 зерттеу сұрақтарының біріне жауап және ақпарат жинау үшін құрылған:

ЗС-2

Елдегі және мектеп ішіндегі қандай аспектілер оқушылардың КАС-ымен байланысты?

Мұғалімдер сауалнамасында келесі аспектілер қозғалады:

- мұғалімдердің КАС-ғын бағалау;
- мұғалімдердің сыныпта АКТ құралдарын пайдалануы;
- оқушылардың АКТ қолдана отырып, оқу қызметіне қатысуы туралы мұғалімдердің есептері;
- АКТ-ны оқыту және білім беру практикасында қолдану;
- сыныпта АКТ дағдыларын дамытуға көңіл бөлуге мұғалімдердің көзқарасы;
- оқыту мен білім берудегі АКТ-ны қолдануға қатысты мұғалімдердің көзқарастары;
- мұғалімдердің мектептегі АКТ ресурстарының саны мен сапасының жарамдылығын қабылдауы;
- мұғалімдердің АКТ-ның кәсіби дамуына қатысуы;
- мұғалімдердің АКТ-ны қолдануға байланысты ынтымақтастыққа көзқарастары.

3.3. Мектеп директорына арналған сауалнама

Директорға арналған сауалнама, мұғалім үшін сауалнама сияқты, ICILS-2018 зерттеу сұрақтарының біріне ,ақпарат жинау және жауап беру үшін құрылған:

ЗС-2

Елдегі және мектеп ішіндегі қандай аспектілер оқушылардың КАС-ымен байланысты?

Зерттеу сұрағының негізінде мектепте АКТ-ны қолдану тәсілдері оқушылардың КАС-ның дамуына әсер етеді деген болжам жатыр. Директордың жауаптары

маңызды ақпарат көзі болып табылады және АКТ-ға қатысты мектеп сипаттамалары туралы келесі мәліметтерді ұсынады:

- мектептерде АКТ-ны қолдануға қатысты тәжірибе;
- АКТ-ны оқытуда мектептің қолдау деңгейі;
- мектеп контингенті және АКТ-ресурстары туралы.

Осылайша, директор сауалнамасы жоғарыда көрсетілген аспектілер бойынша толық ақпарат береді және бірнеше бөлімдерге топтастыруға болатын сұрақтарды қамтиды (22 сурет):

22 сурет. Директорға арналған сауалнама бөлімдері



Жалпы, бұл бөлімдерде, мектеп деңгейінде, келесі мән-мәтіндік аспектілер деректерді жинауға арналған сұрақтар бар:

- мектеп мақсаттары үшін компьютерлерді пайдалану(жиілік);
- Мектептің үлкендігі (оқушылар саны);
- оқушылар мен мұғалімдердің арақатынасы;
- мектеп құрылымы және басқару;
- оқушылардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы;
- мектепте АКТ-ны қолданудың маңыздылығы туралы директордың пікірі;
- АКТ саласындағы оқытушылардың дағдыларына қатысты болжам;
- АКТ саласындағы саясат және рәсімдер;

- АКТ-ны қолдану үшін мұғалімдердің кәсіби дамуы;
- Оқыту мен білім беруде АКТ-ны қолданудағы мектеп басымдықтары.

Сауалнаманы толтыруға кететін уақыттың жалпы саны, шамамен 15 минутты құрайды. В қосымшасында сауалнаманың толық иллюстрациясы берілген.

3.4. Акт-үйлестірушісіне арналған сауалнама


Акт-үйлестірушіге арналған сауалнама, директорға арналған сауалнама сияқты, ICILS-2018 екінші зерттеу сұрағына жауап және ақпарат жинау үшін құрылған:

ЗС-2

Елдегі және мектеп ішіндегі қандай аспектілер оқушылардың КАС-ымен байланысты?

АКТ-үйлестірушіге арналған сауалнама, мектептерде АКТ-ны қолдау шарттары мен ресурстары туралы ақпарат жинауға арналған. АКТ-үйлестірушіге арналған сауалнама мәселелері, ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен, атап айтқанда, осындай ресурстардың қол жетімділігі мен оларды мектептерде пайдалану үшін қолдауының бар болуымен байланысты.

23 сурет. Акт-үйлестірушісіне арналған сауалнама бөлімдері



Жалпы, сауалнама жоғарыда көрсетілген аспектілерді үш бөлімге топтастырады (23 сурет). Сауалнама, АКТ-мен байланысты мынадай аспектілерді көрсететін деректерді жинауға арналған мәселелерді қамтиды:

- АКТ-ны пайдаланудың мектеп тәжірибесі;
- АКТ-ны қолдануға қатысты мектеп саясаты;

- мектептегі компьютерлер мен оқушылардың арақатынасы;
- мектептегі АКТ ресурстарының сапасы;
- мектепте оқыту мен білім беруде АКТ-ны қолдануда қолдауды қабылдау;
- мектепте КАС дағдыларын дамытуда тіректің болуы.

Сауалнаманы толтыруға кететін уақыттың жалпы саны шамамен 15 минутты құрайды. Сауалнаманың толық иллюстрациясы С қосымшасында келтірілген.

4. ICILS-2013: ЕЛДЕР ТӘЖІРИБЕСІ

ICILS-2013 нәтижелері

Қабылданған шаралар



4. ICILS-2013: Елдер тәжірибесі

4.1. Нәтижелерге қысқаша шолу

ICILS зерттеуінің әлемдегі алғашқы циклі, 2013 жылы 21 елдің қатысуымен өткізілді (24 сурет). ICILS-2013 негізгі зерттеуі аяқталғаннан кейін, 2014 жылдың желтоқсанында, IEA елдердің нәтижелері және зерттеу қорытындыларын қамтитын халықаралық есеп жариялады. Зерттеу нәтижелері көптеген елдерді таң қалдырды. Мәселен, АКТ-ны пайдалану бойынша білім беру саясатының алдыңғы қатарлы бастамалары мен реформаларының болуына қарамастан, Еуропалық Одақ (ЕО) елдері компьютерлік және ақпараттық сауаттылықтың жоғары деңгейіне жете алмады (Frailon et. al., 2019).

ЕО-тың 9 елі оқушыларының 25%-ы компьютерлік және ақпараттық сауаттылықтың төмен деңгейін көрсетті (1-ші деңгейден төмен).

24 сурет. ICILS-2013 зерттеуіне қатысқан елдер



ICILS-2013 зерттеуіне қатысқан елдер

Аустралия, Аргентина (Буэнос-Айрес), Чили, Хорватия, Чехия, Дания, Германия, Гонконг, Корея, Литва, Нидерланды, Норвегия, Канада (Ньюфаундленд және Лабрадор, Онтарио), Польша, Ресей, Словакия, Словения, Швейцария, Таиланд, Түркия.

Қатысушы елдерде, АКТ-ға байланысты білім беру саясатының болуы, оларға КАС-тың жоғары деңгейін қамтамасыз етпеді. Мәселен, ICILS-2013 зерттеуіне қатысушы 21 елдің 18-де АКТ-білім беру саясаты қолданыста болды. Оған қарамастан, 60 000 зерттеуге қатысушылардың тек 2%-ы ғана компьютерлік сауаттылықтың ең жоғары деңгейін көрсетті. Бұл зерттеуге қатысушы елдерде, АКТ бойынша білім беруді дамытуға қатысты шаралардың тиімсіздігін дәлелдейді. АКТ

тез дамып және өзгеріп отыратындықтан, АКТ-ға байланысты білім беру саясатын жетілдіру және оның өзектілігіне үнемі көз жеткізу талап етіледі.

АКТ-ның қарқынды дамыған заманында өсіп келе жатқан ұрпақты компьютерлік технологияларды сенімді қолдана алады деп ойлау әдеттегі құбылысқа айналды. Бірақ ICILS-2013 бұл қағиданың рас еместігін көрсетті. Зерттеуге қатысушылардың 2% - ы ғана АКТ-ның сенімді пайдаланушылары қатарына жататынын көрсетті, ал қалған 98% - ы әлі де сандық сауаттылықтың қажетті деңгейіне жетпей отыр.

6 кесте . ICILS-2013 нәтижелері

Елдер	КАС деңгейі (ұпаймен санағанда)
Чехия	553
Канада (Онтарио)	547
Аустралия	542
Дания	542
Норвегия	537
Польша	537
Оңтүстік Корея	536
Нидерланды	535
Канада (Ньюфаундленд и Лабрадор)	528
Швейцария	526
Германия	523
Словакия	517
Ресей	516
Хорватия	512
Словения	511
Гонконг	509
Литва	494
Чили	487
Аргентина (Буенос-Айрес)	450
Таиланд	373
Түркия	361

Ақпарат көзі: (Ainley J., 2014)

Барлық қатысушылар арасында Чехия (553 ұпай) ең жоғары нәтиже көрсетті. Екінші орынды, Канада алды (547 ұпай), көшбасшыдан 6 ұпай артта қалды. Көшбасшылар тобына Австралия, Дания, Польша және Норвегия (542-ден 537 ұпайға дейін) сияқты елдерді жатқызуға болады. Барлық қатысушылар арасында КАС-тың орташа көрсеткіші 509 ұпайды құрады. Түркия мен Таиланд сияқты елдер, ең төмен нәтиже көрсетті (тиісінше 361 және 373 ұпай). Сонымен қатар, Корея КАС-тың ең жоғары деңгейін көрсеткен оқушылар санымен ерекшеленіп, жетекші ел қатарына кірді (іріктелгендердің жалпы санынан 5%, ал әлемде іріктелгендердің жалпы санының орташасын алғанда, 2% ғана осындай нәтиже көрсетті) (6 кесте).

Сондай-ақ , оқушылардың компьютерлік ақпараттық сауаттылығы мен АКТ білім

беру саясатына жауапты ұйымдардың арасында автономиялық байланыстың болуы анықталды. Осылайша, ең нашар нәтиже көрсеткен елдерде (Түркия мен Таиланд) АКТ білім беруді іске асыру мәселесінде автономияның жоқ екені анықталды. Барлық шаралар мен стратегияларды осы елдердің білім министрліктері тікелей қабылдайды. Ал көшбасшы елдерде (мысалы, Австралия), АКТ білім беру саясаты сатылы ұйымдастырылған, оны жүзеге асыру үшін Білім министрлігі ғана емес, сондай-ақ, елдің білім беру саясатын қалыптастыруға тартылған басқа да ұйымдар жауап береді.

Жалпы, ICILS-2013 қорытындысы, Түркия мен Таиланд сияқты елдерге, АКТ-білім беру жүйесін жақсарту бойынша шұғыл және ойластырылған шаралардың қажеттілігін және басқа да көптеген елдерде қабылданатын шаралардың тиімсіздігін және АКТ - білім берудің қолданыстағы тәсілін қайта қарау қажеттігін көрсетті.

4.2. Қабылданған шаралар

ICILS-2013 бірінші циклының нәтижелері, көптеген елдерде, КАС-ты дамытуға және АКТ білім беру саясатын жақсартуға жаңа қадамдар жасауға ынталандырды.

Еуропалық комиссияға сәйкес (Фрейлин айтқандай, 2014), соңғы жылдары, ЕО елдерінде міндетті мектептік білім беру бағдарламасында, компьютерлік ғылымдарға байланысты пәндерге аса назар аударылады. Сонымен қатар, мұғалімдердің кәсіби дамуын қолдауға және АКТ-ны оқытуда әдістемелік және басқа да құралдарды әзірлеуге баса назар аударылды (Boconi, 2016).

5 кесте. Елдердің қабылдаған шаралары

Германия (523)	Анықталған мәселе. АКТ-құзыреттілікті дамыту бойынша білім беру стратегиясының болмауы.
	Қабылданған шаралар. Цифрлық дағдыларды дамыту стратегиясы және АКТ – құзыреттілікті бағалаудың ұлттық шегі әзірленді.
	Сілтемелер. Strategy of the Conference of the Ministers of Education and Cultural Affairs. Standing Conference. Federal States of Germany. https://www.kmk.org/fileadmin/Dateien/bilder/KMK/Aufgaben/kmk_imagefolder_engl_web.pdf
Дания (542)	Анықталған мәселе. АКТ-білім беру бағдарламасында бағдарламалауға жеткіліксіз көңіл бөлінген.
	Қабылданған шаралар. "Technology Comprehension" пәні әзірленді және енгізілді.
	Сілтемелер. Computational thinking and design to become a mandatory part of curriculum in Danish primary school. http://cctd.au.dk/currently/news/show/artikel/computational-thinking-and-design-to-become-a-mandatory-part-of-curriculum-in-danish-primary-school/
Корея (536)	Анықталған мәселе. Білім беру бағдарламасында, бағдарламалауға екпін жеткіліксіз, мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасының тиімсіздігі.
	Қабылданған шаралар. Компьютерлік ғылымдарға (бағдарламалауды қоса алғанда) және мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасына баса назар аудара отырып, АКТ білім беру бағдарламасы реформаланды.
	Сілтемелер. Coding in schools: Comparing integration of programming into basic education curricula of Finland and South Korea. http://mediakasvatus.fi/wp-content/uploads/2018/06/Coding-in-schools-FINAL-2.pdf

Салыстырмалы түрде жоғары нәтижелерге қарамастан Дания, Германия және Корея сияқты елдер АКТ-білім беру саясатына бірқатар елеулі өзгерістер енгізді (5 кесте).

Дания ICILS-2013 зерттеуінен кейін, АКТ білім беру сапасын жақсарту бойынша инновациялық шаралар қабылдады. Елде "Technology Comprehension" (технологияны түсіну) атты, орта білім деңгейіндегі жаңа пән ұсынылған. Пән компьютерлік ойлаудың кең аспектілерін және қоғамдағы технологиялардың рөлін түсінуді қоса алғанда, сандық өнімдердің дизайны мен бағдарламалауын оқытады (Aarhus University, 2019).

16 федералдық неміс штаттарында, ұлттық құзыреттіліктің бағалау шегі және сандық дағдыларды дамыту стратегиясы әзірленді. Стратегия, мұғалімдер үшін, сандық білім беру және оқу бағдарламасын әзірлеу сияқты факторларға назар аударады (Kultusministerkonferenz-KMK, 2016).

Кореяда, КАС-тың ең жоғары деңгейін жинаған оқушылар санының көптігіне қарамастан (қатысушылардың жалпы санының 5% - ы), осы уақытқа дейін елдің оқыту бағдарламасында, бағдарламалауға айтарлықтай екпін болмады (Kwon, 2017). 2015 жылғы білім беру реформаларынан кейін (ICILS-2013 нәтижелері бойынша) бұл елде компьютерлік ғылымдарға ерекше көңіл бөлінеді. Реформалау, сондай-ақ, мұғалімдердің біліктілігін арттырудың ұзақ мерзімді бағдарламасын қамтиды.

ICILS-2013 нәтижелері зерттеуге қатыспаған кейбір дамыған елдер үшін де өзінің АКТ-білім беру бағдарламалары туралы ойлануына себеп болды.

Орта білім сапасы бойынша, алдыңғы қатарлы елдердің бірі Финляндия, оқу бағдарламасын жетілдіру бойынша шаралар қабылдады, оқушылардың, оқу және өмір салаларының әр түрі бойынша білімі мен дағдыларын үйлестіретін жеті "трансверсалдық" дағдыларға баса назар аударды (Kwon, 2017). 2016 жылғы жаңартылған мектеп бағдарламасында - АКТ осы дағдылардың бірі болып анықталды. Фин ұлттық агенттігі Білім беру бойынша АКТ дағдыларына оқушының келесі қабілеттерін жатқызады :

- АКТ-ны жауапты және қауіпсіз пайдалану;
- ақпаратты басқару;
- ақпаратты креативті қолдану;
- АКТ көмегімен әлеммен өзара әрекеттесу;
- АКТ арқылы қарым-қатынас.


Сонымен қатар, АКТ-ны қолданудағы мұғалімдердің кәсіби дамуы және сандық контентті әзірлеу сияқты факторлары да атап өтілді. Жалпы, бұл ел ICILS зерттеулерінің, жоғарыда аталған бағыттарды анықтау үшін, АКТ білім беруді

дамыту және жақсарту үшін, жоғары маңыздылығын атап өтті.

АҚШ-та 2017 жылға арналған жоспар әзірленді, онда қолжетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз ету үшін, білімді трансформациялау әдістері қаралды. Сонымен қатар, жоғары технологиялық орта мен бағалаудың электрондық әдістерін пайдалану бойынша, дағдыларды қалыптастыруда, мұғалімдерді қолдауға баса назар аударылды. Аталған әдістер, сандық инфрақұрылымды қолдауға (оның ішінде мектептерді жоғары жылдамдықты Интернетке қосу), сандық білім беру ресурстарымен қамтамасыз етуге және мұғалімдердің біліктілігін арттыруға ықпал етеді (US Department of Education, National Center for Education Statistics, 2016).

5. ICILS-2023: БОЛАШАҚҚА КӨЗҚАРАС

ICILS-2023 зерттеуіне қатысу



5. ICILS-2023: Болашаққа көзқарас

АКТ білім берудің тиімді саясатын қалыптастыру үшін, оқушылардың АКТ-құзыреттілігін дамытудағы трендтерді анықтау және олардың дамуына елде қолданылатын шаралардың қалай әсер ететінін түсіну қажет. ICILS-2018 халықаралық зерттеу нәтижелері, ағымдағы жағдай мен қазақстандық сегізінші сынып оқушыларының КАС деңгейі туралы түсінігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

АКТ-білім беруді жақсарту үшін ұсыныстар әзірлеу жеткіліксіз, сонымен қоса, осы дағдыларды дамытудағы трендтерді қадағалау және қабылданатын шаралардың қаншалықты тиімді екенін түсіну маңызды. ICILS зерттеулеріне циклді түрде қатысу, осы мақсатқа жетуге мүмкіндік береді.

Орталық Азия аймағында алғаш рет өткізілген IEA Бас Ассамблеясының 59-шы съезінде (2018 жылы, 7-12 қазан аралығында, Астана қаласында), ICILS зерттеу директоры Джулиан Фрейон, съезге қатысушыларды ICILS-2023 жаңа циклына қатысу перспективаларымен таныстырды (Fraillon J., 2018). Екі зерттеу циклына (ICILS 2013 және 2018) қатысу арқылы Чили, Германия және Дания сияқты елдер, оқыушылардың дағдыларындағы өзгерістерді талдауға және қандай қабылданған шаралар игілікке қызмет еткенін, ал қандайы қызмет етпегенін түсінуге мүмкіндік алады. Мұндай мүмкіндік, үшінші зерттеу ICILS-2023 циклына қатысу арқылы Қазақстанда да пайда болады.

АКТ-ның дамуының арқасында, Интернет және технология әрбір адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Бірақ өскелең ұрпақтың Интернетте ақпараттың қол жетімділігінің мүмкіндіктері мен қиындығы, ақпараттық қауіпсіздігі, әдеп және ақпаратты пайдалану мәдениеті туралы қажетті білімі бар ма? Бұны біз, ICILS зерттеуін қатысу арқылы анықтауымыз керек.

Білім берудің тиімді жүйесін құрудың әдістерін сипаттайтын заманауи еңбектер, тек технологияларды пайдалана білудің ғана емес, сонымен қатар компьютерлер мен ақпаратты пайдаланудың белгілі бір мәдениетін (Schleicher A., 2018) жасаудың маңыздылығына назар аударады.



«Сандық дәуірде, бүгін өз біліміміз және білім беру контенті дейтініміз, ертең бүкіл көпшілікке қолжетімді болады».

АКТ-құзыреттілігін дамыту мәселесі қазір өзекті. Өскелең ұрпақтың дағдылары туралы ойлана отырып, біз де АКТ-ны оқытуда пайдаланудың маңыздылығы туралы ұмытпауымыз керек. Бұл, қазіргі заманғы мұғалімдердің ең күрделі міндеттерінің бірі. Іс жүзінде ICILS-2013 зерттеуінде барлық сұралған мұғалімдердің жартысы ғана өзін АКТ-ның сенімді пайдаланушысы деп санайтынын көрсетті. Ал қалған 46% өздерінің "неғұрлым құзыретті" әріптестерінің көмегіне жүгінетінін білдірді. Бұл, мектеп әкімшілігі тарапынан АКТ-ны оқытуда қолдану жөніндегі ресурстар мен әдістемелік құралдарды қолдау қажеттігін куәландырады.

Қорытынды

Адам өміріне тез енген ақпараттық технологиялар өмір туралы түсінікті мәңгілікке өзгертті. Компьютерлік технологиялар біздің әлемге бірнеше он жыл бұрын адамзат тек армандай алатын мүмкіндіктер әкелді. Осы мүмкіндіктермен бірге сауаттылық туралы жаңа ұғым да келді. Осыған байланысты, еңбек нарығының қазіргі заманғы талаптарына сәйкес келетін, бәсекеге қабілетті азаматтарды тәрбиелеу үшін, елдер, оқушылардың компьютерлік дағдыларының қалыптасу деңгейін зерделеп, АКТ-сауаттылығын дамытуға бағыттай отырып, өзінің білім беру жүйесін жетілдіру жөнінде шұғыл шаралар қабылдауы қажет. ICILS-2013 нәтижесінен кейін көптеген қатысушы елдер өздерінің АКТ-білім беру саясатына өзгерістер енгізеді (4-бөлімді қараңыз).

Жақын араға дейін Қазақстанда, өсіп келе жатқан ұрпақтың компьютерлік және ақпараттық сауаттылық деңгейі түсінігі болған жоқ. ICILS-2018 зерттеуіне қатысу осындай ұғымды қалыптастыруға мүмкіндік береді. АКТ-ны дамытудың әлемдік рейтингісінің соңғы деректері бойынша, Қазақстан 2015 жылдан бастап өз жағдайын өзгертпей, 175 елдің ішінен 52-ші орынға ие болды (ICT Development Index, 2017). Қазақстан, сондай-ақ, АКТ-ның ағымдағы деңгейі (The Boston Consulting Group, 2015) тұрғысынан, the Boston Consulting Group халықаралық консалтингтік компаниясының e-intensity рейтингісінде, қуып жетуші ел болып табылады. Жағдайды жақсарту үшін, АКТ-ны дамытудың барлық бағыттары бойынша революциялық, серпінді іс-шаралардың болуы талап етіледі, бұл халықтың АКТ-сауаттылығы дағдыларын дамытусыз мүмкін емес. Бұл мақсаттағы қадамдардың бірі ретінде "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын атауға болады. Онда, білім берудің барлық деңгейлерінде сандық сауаттылықты арттыру басты міндеттердің бірі болып табылады (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы).

Қазақстанға оқушылардың АКТ-құзыреттілігін дамытудағы трендтерді анықтау және АКТ білім беру сапасын жақсарту бойынша қабылданатын шаралардың тиімділігін бағалау қажет. Зерттеудің ICILS-2023 келесі цикліне қатысу соңғы бес жылда оқушылардың АКТ-құзыреттілігін дамытудағы үрдістері туралы ұғымдарды қалыптастыруға көмектеседі. Осылайша, АКТ-ны дамыту бойынша ел қабылдайтын шаралар мен стратегиялық бағыттардың қаншалықты тиімді екенін бағалау мүмкіндігі бар. IEA ICILS-2018 зерттеуінің екінші циклына қатысушы елдердің нәтижелерімен халықаралық есеп жариялады (<https://www.iea.nl/studies/iea/icils>). Қазіргі уақытта Ақпараттық-талдау орталығында (АТО) халықаралық есеп және ICILS-2018 деректер базасын талдау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қазақстанның зерттеуге қатысу нәтижелері және қорытындылары бойынша ICILS-2018 Ұлттық есебі 2020 жылдың соңына дейін АТО-ның ресми сайтында жарияланады (<http://iac.kz>).

Әдебиеттер тізімі

1. Aarhus University. (2019). Computational Thinking in the Danish High School: Learning Coding, Modeling, and Content. Denmark. Получено 30 июня 2019 г., из <https://ccl.northwestern.edu/2019/danish.pdf>
2. Ainley J., F. J. (2014). *Preparing for life in a digitale age: The IEA International Computer and Information Literacy Study International Report*. Melbourne: International Evaluation Association.
3. Bocconi, S. (2016). Developing Computational Thinking in compulsory education. *Joint Research Center Report, Publications office of the European Union*. Luxemburg. Получено 30 июня 2019 г., из http://publications.jrc.ec.europa.eu/repository/bitstream/JRC104188/jrc104188_computhinkr eport.pdf
4. Fraillon J. (2018). *59th IEA General Assembly: ICILS-2023 Plans and timeline*.
5. Fraillon J., A. J. (2019). *ICILS 2018: Assesment Framework*. Amsterdam: International Association for the Evaluation of Educational Achievement (IEA).
6. Fraillon J., S. W. (2015). *Information and Computer Literacy Study - ICILS 2013: Technical report*. Amsterdam: IEA Secretariat.
7. *ICT Development Index* . (2017). Получено 30 июня 2019 г., из International Telecommunication union: <https://www.itu.int/net4/ITU-D/idi/2017/index.html>
8. Kultusministerkonferenz-KMK. (2016). Education in a digital word. Strategy of the Conference of the Ministers of Education and Cultural Affairs. *Standing Conference*. Federal States of Germany. Получено 30 июня 2019 г., из https://www.kmk.org/fileadmin/Dateien/bilder/KMK/Aufgaben/kmk_imagefolder_engl_web.pdf
9. Kwon, S. (2017). Comparing integration of programming into basic education curricula of Finland and South Korea. *Coding in Schools*. Хельсинки, Финляндия.
10. Schleicher A. (2018). *World Class: How to build a XXI century school system? Strong Performers and Successful Reformers in Education*. Paris: OECD Publishing.
11. The Boston consulting Group. (2015). E-intensity Index. Получено 7 июня 2019 г., из <https://www.bcg.com/publications/interactives/bcg-e-intensity-index.aspx>
12. US Department of Education, National Center for Education Statistics. (2016). Report card: 2014 Technology & Engineering Literacy. USA. Получено 30 июня 2019 г., из https://www.nationsreportcard.gov/tel_2014/files/2014_TEL_Appendix_Tables.pdf
13. Постановление Правительства Республики Казахстан от 12 декабря 2017 года № 827. (12 декабря 2017 г.). Государственная программа "Цифровой Казахстан". Астана, Казахстан.



**ICILS-2018 Компьютерлік және ақпараттық сауаттылықты
халықаралық зерттеу**

Мұғалімге арналған сауалнама



МҰҒАЛІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН САУАЛНАМА: КІРІСПЕ АҚПАРАТ

Бұл сауалнама ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) мектепте пайдалану, оларды оқу процесінде және оқушылардың компьютерлік және ақпараттық сауаттылық қабілеттерін дамытуда қолдану жөнінде ақпаратты жинауды қарастырады.

Осы сауалнамада АКТ былай түсіндірілуі мүмкін:

- Үстел компьютерлері
- Ноутбуктар немесе ықшам компьютерлер
- Нетбуктар
- Планшет құрылғылары (мысалы, iPad)
- Смартфондар, дыбыстық қоңыраулар (SMS-хабарламалар мақсатында пайдалануды есептемегенде).
- Электрондық/цифрлық білім беру ресурстары
- Бағдарламалық қамтамасыз етулер, қосымшалар (тек білім беру мақсаттары үшін пайдаланылады)

Бұл сауалнамада кездесетін сұрақтар:

- Сіз, сіздің үйіңіз және жанұяңыз туралы;
- Сіздің АКТ құралдарын пайдалану уақыты мен орныңыз туралы;
- АКТ құралдарын пайдалану мақсаты туралы;
- АКТ құралдарын пайдалану жөнінде сіздің ойыңыз туралы.

Берілген сауалнаманың бірнеше сұрағы Ақпараттық-Коммуникативті Технологияларды (АКТ) қолдану жайлы ақпарат жинауға бағытталған. АКТ - компьютерлік технологиялардың, компьютерді қосқанда, бірақ онымен шектелмейтін кеңірек ұғымдарды қарастырады.

Кейбір сұрақтар «бақылау сыныбы» деп аталатын сынып туралы ақпарат жинауға бағытталған. Бұл сіздің пәніңіз бойынша сейсенбі немесе одан кейінгі күні, демалыстан кейін сабақ беріп жатқан және сауалнама сұрақтарын алғаш рет ашып жатқан бірінші 8-сынып (яғни, бұл сынып сағаты немесе жалпымектептік жиналыс болмауы тиіс). Әрине, сіз бұл сыныпта сабақты аптаның басқа күндері де өткізуіңіз мүмкін.

Егер бұл сейсенбіде 8-сыныпта сіздің сабағыңыз болмаса, онда сол сейсенбіден кейін 8-сыныпта сабақ өткізген келесі ең жақын күнді алыңыз.

Барлық сұрақтарға анағұрлым нақты жауап беруіңізді сұраймыз. Негізінен, сіз жай ғана батырманы басу арқылы жауап бересіз. Сіз сауалнаманың соңындағы «Дайын» батырмасын басқанға дейін өз жауаптарыңызды кез келген уақытта өзгерте аласыз.

Біздің есептеуімізше, бұл сауалнаманы толтыруға сіздің 30 минуттай уақытыңыз кетеді.

Осы сауалнаманы толтыруға бөлген уақытыңыз үшін алдын-ала алғыс білдіреміз.

СІЗ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

С1. Сіздің жынысыңыз:

Әйел

☐

Ер

☐

С2. Сіздің жасыңыз:

(Жауаптың бір нұсқасын таңдаңыз)

25 жастан жас

☐

25–29

☐

30–39

☐

40–49

☐

50–59

☐

60 және жоғары

☐

С3. Сіз осы оқу жылында осы мектепте қандай негізгі пәндерден сабақ бересіз?

(осы мектепте беретін сабақтарыңызды белгілеуіңізді сұраймыз (Бұған қоса, осы мектепте сіздің жұмыс мөлшеріңіз тек қана аптасына төрт сабақтан кем емес болатын пәндерді белгілеңіз. Сіз әр пәндер облысындағы тізімнен өз пәніңіздің (пәндеріңіздің) нақты атауын таппауыңыз мүмкін. Бұл жағдайда, сіздің пәніңізге мағынасы жағынан ең жақын пәндер облысын белгілеуіңізді сұраймыз).

Орыс тілі және әдебиеті

☐

Шет тілдер және басқа ұлт өкілдері тілдері
(мысалы, ағылшын, неміс, француз, испан
және т.б.)

☐

Математика

☐

Жаратылыстану-ғылым пәндері (физика,
химия, биология, геология және жер туралы
ғылымдар)

☐

Қоғамдық-ғылыми пәндер/Гуманитарлық ғылымдар(тарих,география,қоғамтану,соның ішінде экономика және құқық)

☐

Өнер (бейнелеу өнері,ән, би, театр өнері және т.б.)

☐

Ақпараттық технологиялар, информатика және басқа да АКТ-мен байланысты пәндер

☐

Тәжірибелік және кәсіби-техникалық пәндер (еңбек)

☐

Басқа пәндер(мысалы, ӨҚН, дене шынықтыру)

☐

C4. Биылғы оқу жылында Сіз неше мектепте 8-сынып оқушыларына сабақ бересіз?

(Бір жауапты таңдаңыз)

Тек осы мектепте

☐

Осы және тағы екі мектепте

☐

Осы және тағы бір мектепте

☐

Осы және тағы үш және одан да көп мектепте

☐

СІЗДІҢ АКТ-НЫ ПАЙДАЛАНУ ТӘЖІРИБЕҢІЗ

C5. Сіз компьютерді өзіңіздің педагогикалық тәжірибеңізде шамамен қанша жыл пайдаланып келесіз?

(Әр қатардан бір жауапты таңдаңыз)

	<i>Ешқашан</i>	<i>Екі жылдан аз</i>	<i>Екі және бес жыл арасы</i>	<i>Бес жылдан астам</i>
a) Сабақ уақытында	☐	☐	☐	☐
b) Сабаққа дайындық уақытында	☐	☐	☐	☐

C6. Сіз келесі жағдайларда компьютерді қаншалықты жиі пайдаланасыз?

(Әр қатардан тек бір ғана жауапты таңдаңыз)

	<i>Ешқашан</i>	<i>Айына бір реттен кем</i>	<i>Кем дегенде айына бір рет, бірақ әр апта сайын емес</i>	<i>Кем дегенде аптасына бір рет, бірақ күнделікті емес</i>	<i>Күн сайын</i>
a) Мектепте сабақ беру барысында	☐	☐	☐	☐	☐
b) Мектептегі жұмыспен байланысты басқа да мақсаттарда	☐	☐	☐	☐	☐
c) Мектептен тыс, жұмыспен байланысты мақсаттарда	☐	☐	☐	☐	☐
d) Мектептен тыс, жұмыспен байланысы жоқ мақсаттарда	☐	☐	☐	☐	☐

C7. Сіз АКТ-ны мектепте оқыту жайлы төмендегі тұжырымдармен қаншалықты келісесіз немесе келіспейсіз?

<i>АКТ-ны мектепте қолдану:</i>	<i>Толығыме н келісемін</i>	<i>Келісемін</i>	<i>Келіспей мін</i>	<i>Толығым ен келіспей мін</i>	<i>Күн сайын</i>
a) Оқушылардың ақпараттың ең үздік ресурстарына пайдалану мүмкіндігін береді	☐	☐	☐	☐	☐
b) Оқушылардың жазу арқылы ойын бөлісу қабілетін төмендетеді	☐	☐	☐	☐	☐
c) Оқушылардың ақпаратты бекіту және өңдеу тиімділігін арттырады	☐	☐	☐	☐	☐
d) Мектептерге тек ұйымдастырушылық қолайсыздықтар тудырады	☐	☐	☐	☐	☐

- | | | | | | |
|---|--------------------------|--------------------------|--------------------------|--------------------------|--------------------------|
| e) Оқушыларға басқа оқушылармен қарым-қатынас жасауға көмектеседі | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| f) Оқушыларға компьютерлік кескіндердің орнына, шынайы объектермен жұмыс істеу артықшылығы көзқарасын қалыптастыруды қиындатады | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| g) Оқушыларға басқа оқушылармен тиімді қарым-қатынас жасауға көмектеседі | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| h) Тек ғаламтор қорынан ақпаратты көшіруге түрткі болады | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| i) Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| j) Оқушыларға оқуда қажеттіліктеріне сәйкес деңгейде жұмыс істеуіне көмектеседі | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| k)) Оқушылардың бір-бірімен бетпе-бет тілдесуін шектейді | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| l) Оқушылардың өз еңбегін жоспарлау және ұйымдастыру қабілеттерін дамытуға көмектеседі | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| m) Оқушылар арасындағы есептеу және бағалау қабілеттерін төмендетеді | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| n) Оқушылардың оқу үлгерімін арттырады | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |

- | | | | | | |
|---|--------------------------|--------------------------|--------------------------|--------------------------|--------------------------|
| o) Оқушылардың көңілін оқудан тек қана алаңдатады | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| p) Мұғалімдердің оқушылармен тілдесуіне көмектеседі | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |

C8. Сіз АКТ көмегімен келесі тапсырмаларды қаншалықты жақсы орындай аласыз:

(Әр қатардан бір жауапты таңдаңыз)

- | | <i>Мен оны қалай істеу керектігін білемін</i> | <i>Мен оны қалай істеу керектігін түсінер едім</i> | <i>Мен оны істей аламын деп ойламаймын</i> |
|---|---|--|--|
| a) Интернеттен пайдалы оқу-әдістемелік құралдарын табу | ☐ | ☐ | ☐ |
| b) Форумдарда/ғаламторды пайдаланушы топтарда дискуссияларға қатысу(мысалға, вики немесе блог) | ☐ | ☐ | ☐ |
| c) Қарапайым анимацияларды пайдаланып, презентацияларды жасау (мысалы, Microsoft PowerPoint®) | ☐ | ☐ | ☐ |
| d) Онлайн сатып алу және төлемдерді жасау үшін ғаламторды пайдалану | ☐ | ☐ | ☐ |
| e) Оқушылардың АКТ-ны пайдалануы жоспарланған сабақтарды дайындау | ☐ | ☐ | ☐ |
| f) Ақпаратты сақтау /бухгалтерлік есеп жүргізу немесе деректерді талдау үшін электрондық кестелерді пайдалану (мысалы, Microsoft Excel ®) | ☐ | ☐ | ☐ |
| g) Оқушылардың оқудағы жетістіктерін/нәтижелерін бағалау | ☐ | ☐ | ☐ |
